

Қаралды:
ҚР МСМ Мәдениет комитетінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды
балаларға арналған РММОМИ» РММ
педагогикалық кеңесінің

20~~21~~ ж. «4» 11 № 2 хаттамасы

Бекітемін:
ҚР МСМ Мәдениет комитетінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.

20~~21~~ ж. «4» НОЯБРДА



ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫСУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің (бұдан әрі – Мектеп) осы ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» 27.07.2007ж. № 319-III Заңына, Бала құқығы туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған білім беру үйімдары қызметінің үлгілік қағидаларына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Мектеп Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже мектеп-интернат оқушыларының Мектеп ішінде және басқа да оқу орындарына ауысуының талаптарын белгілейді және оны үйімдастыруды регламенттейді, олардың негіздемесін айқындайды, Мектептің оқу құрылымдық бөлімдері арасында, білім беру процессинің қатысушылары, баланың ата-аналары немесе занды өкілдері арасында өзара қатынасты реттейді, ауысу кезінде туындастын даулы мәселелерді шешуді көздейді.

2. Оқушылар ауысуының түрлері

2.1 Музыкаға дарынды балаларды оқыту ерекшелігіне, кәсіби даярлау ерекшеліктеріне, шығармашылық даму деңгейіне, оқушылардың орындаушылық дағдыларының қалыптасуына, сондай-ақ жеке тұлғаның тәни және психикалық мүмкіндіктеріне сәйкес ауысадың келесі түрлері болады:

- Мектеп ішіндегі ауысулар;
- Басқа білім беру үйімінде ауысу.

2.2 Оқушылардың Мектеп ішіндегі ауысулары музыкаға дарында балаларды оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың ең қолайлы жағдайларын жасау. Олардың занды құқықтарын бұзбау және мұдделерін сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

2.3 Оқушылардың Мектеп ішіндегі ауысулары накты жағдайларды реттеу үшін уақытша құрылған комиссияның (бұдан әрі – комиссия) шешімі негізінде Мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.4 Комиссияның құрамына оқушының ауысуы жүзеге асырылатын бөлімдердің менгерушілері мен педагогтері, мектеп әкімшілігі кіреді. Комиссия өзінің отырыстарына оқушылардың ата-аналарын немесе занды өкілдерін, Мектептің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңесінің өкілдерін шақыруға құқылы.

2.3 Оқушылардың Мектеп ішіндегі ауысуларының келесі түрлері болуы мүмкін:

- Бір мамандық шегінде бір педагогтен екіншісіне;
- Басқа мамандыққа (аспапқа, бөлімге);
- Басқа топтарға (топтарға бөліп оқытылатын музикалық-теориялық және жалпы білім беру пәндері бойынша);
- Бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне;
- Оқу жылының қорытындылары бойынша келесі сыныпқа ауысу.

2.4 Оқушылардың басқа білім беру ұйымдарына ауысуы:

- Білім алушының тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін оку орнына ауысуы;
- Мәдениет және өнер саласындағы басқа мектепке (колледжге), (оның ішінде мамандандырылған музикалық мектепке (колледжге) ауысу.

3. Бір мамандық шегінде оқушылардың бір педагогтен екіншісіне ауысуы

3.1 Бір мамандық шегінде оқушылардың бір педагогтен екіншісіне оку жылы ішінде, сондай-ақ оқу жылы аяқталған соң жаңа оқу жылы алдында ауысуы мүмкін.

3.2 Ауысу келесі себептер бойынша жүзеге асырылады:

1) Психологиялық үйлесімсіздік (оқушы-педагог). Мұндай жағдайда бір педагогтен екіншісіне ауысу педагогтің өтініші және білім менгерушісінің өтінімі бойынша жүзеге асырылады. Оқушының педагогі оқушыға толық мінездеме береді, онда оның техникалық дайындығы деңгейі, жұмысқа қабілеттігі, музикалдығы, сондай-ақ оның әлеуетті мүмкіндіктері көрсетіледі. Қабылдайтын педагог оқушының мінездемесімен танысып, өзінің сыныбына оқушының ауысуына жазбаша келісім береді. Соғы шешімді ауысу туралы негізdemені қараған соң комиссия қабылдайды.

2) Оқушының ата-анасының (занды өкілінің) өтініші бойынша. Өтініште оқушының басқа педагогке ауысу негізdemесі мен себептері көрсетіледі. Комиссия ауысу және оның шарттары немесе ауыстырудан бас тарту туралы шешім шығарады, ол қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде оқушыға және оның ата-аналарына жеткізіледі.

3) Өндірістік қажеттілік (педагогтің жұмыстан босауы, педагогтің декреттік демалысқа, зейнетке шығуы, педагогтің шекті апталық педагогикалық жүктемесінің асып кетуі) бойынша ауысу мектеп әкімшілігі (комиссия) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Оқушылардың басқа мамандықка (аспап, бөлімге) ауысуы

4.1 Білім беру процесі барысында оқушылардың бір мамандықтан екіншісіне ауысуы мүмкін:

- 1) Бір аспаптан екінші аспапқа (бір бөлімде)
- 2) Бір бөлімнен екінші бөлімге (мамандықты ауыстыру).

4.2 Оқушының бір аспаптан екіншісіне ауысуы (бір бөлімде) белгілі себептер (аспапқа бейімделмеуі, физиологиялық деректері, денсаулық жағдайы) бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Ол үшін:

- Ауыстыратын музикалық бөлімің менгерушісі қызметтік жазбада басқа аспапқа немесе басқа бөлімге ауыстыру қажеттілігін баяндайды;
- Ауыстыратын музикалық бөлімің менгерушісі оқушыны басқа аспапқа ауыстыру туралы педагогтің ұсынымы негізінде, оның музикалық және физикалық деректерін ескере отырып, Мектеп әкімшілігіне оқушыны басқа аспапқа ауыстыру туралы дәлелді ұсыныспен шығады.

4.3 Мәселені комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарап, шешім қабылдауы және осы мәселе бойынша шешімді жариялауы тиіс.

4.4 Оқушылардың мамандықты ауыстырумен бір бөлімнен екінші бөлімге ауысуы мүмкін. Өздері таңдаған алғашқы аспап бойынша оқу процессінде жеткілікті нәтижелер көрсетпеген, бірақ музикалық қабілеттері үздік оқушылар басқа мамандыққа немесе басқа бөлімдерге ауыстырылуы мүмкін.

4.5 Оқушының ауысуы тиісті білім беру бағдарламасы және таңдалған мамандық бойынша окуға қойылатын талаптарға оқушының білімдері, икемдері мен дағдыларының сәйкестігін бағалайтын комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылады. Өтінішке ауыстыратын бөлімнің менгерушісі жазған оқушының мінездемесі қоса тіркеледі.

4.6 Ауысу және оның шарттары немесе ауыстырудан бас тарту туралы шешімді комиссия шығарады және оны қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде оқушыға және оның ата-аналарына жеткізеді.

5. Оқушылардың басқа топтарға (топтарға бөліп оқытылатын музикалық-теориялық және жалпы білім беру пәндері бойынша) ауысуы

5.1 Оқушылардың бір топтан екінші топқа (топтарға бөліп оқытылатын музикалық-теориялық және жалпы білім беру пәндері бойынша) ауысуы оқу жылы ішінде, сондай-ақ оқу жылышының соңында немесе басында жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2 Ауысуға негіздемелер:

- оқушы ата-анасының (занды өкілінің) өтініші;
- қақтығысты жағдайларды реттеу жөніндегі жауапты тұлғалардың қызметтік жазбалары (сыныптастармен, педагогпен қақтығыс);
- өндірісітк қажеттілік (оқушылардың топтарға тең бөлінуін сактау, педагогтердің апталық жүктемесін қайта бөлу, жұмыстан босау, декреттік демалыстар, зейнетке шығу және т.б.).

5.3 Ауысу тиісті топтарда орын болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

5.4 Ауысу және оның шарттары немесе ауыстырудан бас тарту туралы шешімді комиссия шығарады және оны қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде оқушыға және оның ата-аналарына жеткізеді.

6. Оқушылардың бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне ауысуы

6.1 Оқушылардың бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне ауысуы төмендегі жағдайларда мүмкін:

- оқыту тілін таңдау бойынша;
- сынып-жинатарды топтастыру бойынша.

6.2 Оқыту тілін таңдау бойынша оқушылардың бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне ауысуы «Білім туралы» КР Заңының 26-тармағына және Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібіне сәйкес жүргізіледі;

6.3 Сынып-жинақтарды топтастыру мақсатында оқушылардың бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне ауысуы сыныптарда оқушылар санының ауытқуын жоюды, контингентке қойылатын талаптарға сәйкес сыныптарды топтастыру, сондай-ақ оку бағдарламаларын игеруге оқушыларға тең құқықты жағдайлар жасауды көздейді;

6.4 Оқушыны ауыстыру мүмкіндіктерін оқушының оқыту тілін таңдау туралы оның ата-анасының (занды өкілінің) өтінішін қараша, сондай-ақ Мектептің жауапты тұлғаларының қызметтік жазбалары негізінде әкімшілік айқындайды.

6.5 Ауысу және оның шарттары немесе ауыстырудан бас тарту туралы шешімді комиссия шығарады және оны қабылданған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде оқушыға және оның ата-аналарына жеткізеді.

6.6 Оқушының бір параллель шегінде бір сыныптан екіншісіне ауысуы оку жылы ішінде тиісті сыныптарда орын болған жағдайда мүмкін.

7. Оқу жылының қорытындылары бойынша келесі сыныпқа ауысу

7.1 Оқу жылының білім беру бағдарламасын толық көлемінде менгерген оқушылар Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде Мектеп директорының бұйрығымен келесі сыныпқа ауыстырылады.

7.2 Оқушыларды ауыстыру, үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттауының үлгілік қағидаларына, сондай-ақ мамандандырылған музыкалық ұйымдарда оқыту ерекшелігіне сәйкес мектеп-интернатта білім беру бағдарламасын менгеру техникалық сынақтар, академиялық концерттер, музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және жазбаша емтихандар түрінде арнайы пәндер бойынша білім алушылардың аралық және қорытынды атtestаттауымен сүйемелденеді.

7.3 Бес балдық жүйе бойынша оқу жоспарының барлық пәндерінен қойылған қорытынды бағалар педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес оқушының келесі сыныпқа ауысуына, 9, 11, 12 сыныптардың оқушыларын мемлекеттік қорытынды атtestаттауына жіберуге негіз болып табылады.

8. Білім алушының тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін оқу орнына ауысуы

8.1 Оқушылардың тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін оку орнына ауысуы оқушының ата-анасының немесе занды өкілінің қалауы мен өтініші, сондай-ақ мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады;

8.2 Мектепте белгіленген конкурстық сыныптарда – 1, 4, 9 сыныптарда дарынды балаларға арналған мамандандырылған музикалық мектепте кейінгі кәсіптік білім алуға оқушылардың жарамдылығын анықтау үшін оку жылышын соңында арнайы және музикалық-теориялық пәндер бойынша емтихандар өткізіледі. Осы сыныптарда қорытынды аттестаттаудан өтпеген оқушылар Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектептерге ауыстырылады.

8.3 Оку кезеңінде ерекше күтімді қажет ететін ауруы анықталған, бір уақытта 2 мектепте: музикалық және жалпы білім беретін мектептерде оку үшін үлкен жүктелімге тыйым салынған оқушылар дарынды балаларға арналған мамандандырылған музикалық мектепте білім ала алмайды және тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектептерге ауыстырылады.



9. Мәдениет және өнер саласындағы басқа мектепке (колледжге), (оның ішінде мамандандырылған музикалық мектепке (колледжге) ауысу.

9.1 Мәдениет және өнер саласындағы басқа мектепке (колледжге), (оның ішінде мамандандырылған музикалық мектепке (колледжге) оқушылардың ауысуы оқушының ата-анасының немесе занды өкілінің өтініші бойынша жүзеге асырылады.


10. Нормативтік база

1. Қазақстан Республикасының 1195 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
3. «Мамандандырылған білім беру үйімдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дін үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығы;
5. Бала құқығы туралы конвенция;
6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музикалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің Жарғысы

Әзірлеуші:

№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Сурапбергенова Светлана Алмабаевна	Директордың музика жөніндегі орынбасары	
2.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оку жөніндегі орынбасары	

Келісілген:

№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	қолы
1.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесінің төрайымы	
2.	Болсамбеков Нияз Абдықадырович	Мектеп-интернаттың зангері	